

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
«М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы



Некоммерческое
акционерное общество
«Южно-Казахстанский университет
имени М. Ауэзова»
Министерства образования и науки
Республики Казахстан

160012, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5 үй
Тел.: 8(7252) 21-08-94, факс: 21-01-41
info@aeuzov.edu.kz; canselyarya@mail.ru

160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, д. 5
Тел.: 8(7252) 21-08-94, факс: 21-01-41
info@aeuzov.edu.kz; canselyarya@mail.ru

23.08.2022 № 01-25/3702

«Ұлттық мемлекеттік
ғылыми-техникалық
сараптама орталығы»
Акционерлік қоғамының
президенті А.Ж.Ибраевқа

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларының 14-тармағына сәйкес Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қарауында болып, пысықтауға жіберілген М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Кәсіптік оқыту» кафедрасының 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша PhD докторанты Тәңкіш Нәзира Полатқызының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясының авторы және дереккөзіне сілтемесіз алынған материалды пайдалануын қайта тексеруді және диссертация мәтінін интернет-ресурсында ашық түрде орналастыруды қамтамасыз етуді сұраймыз.

Қорғалған күн: 2022 жыл, 28 сәуір.

Диссертациялық кеңестің төрағасы
п.ғ.д., профессор

Жолдасбекова С.А

Орындаған: Тәңкіш Н.П.
Тел: 8 775 370 53 53

0011877



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8,
"Министрліктер үйі", 11 кіреберіс
тел.: +7 (7172) 74-23-77

010000, г. Нұр-Сұлтан, проспект Мәңгілік Ел, 8,
"Дом министерств", подъезд 11
тел.: +7 (7172) 74-23-77

2022 ж. 28.07 7417/17-5/925

Қарбағов С.А.
Председатель
М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті
28.07.2022

2022 жылғы 25 мамырдағы
№01-25/2700 хатқа

М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті

160012, Шымкент қаласы,
Тәуке хан даңғылы, 5 үй

Вх 1195 от 28.07.2022

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде докторантурада 6D012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша оқып, осы университет жанындағы диссертациялық кеңесте философия докторы PhD дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған докторант Тәңкіш Нәзира Полатқызының аттестациялық ісі бойынша төмендегіні хабарлайды.

Тәңкіш Нәзира Полатқызының аттестациялық ісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес қарастырылды. Докторанттың зерттеу жұмысы бойынша кемшіліктер анықталды.

Қағидалардың 12-1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және Комитет төрағасының 2022 жылғы 1 шілдедегі № 299 бұйрығына Тәңкіш Нәзира Полатқызының диссертациясы пысықтауға жіберіледі.

Сонымен қатар, Қағидалардың 14-тармағына сәйкес пысықталған диссертациялық жұмыс Сараптау кеңесіне үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді Сараптау кеңесі докторанттың ерікті нысандағы өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде ұсынылмаса, онда докторант қайта қорғаудан өтетіні туралы ескертеміз.

Қосымша: 6 парақ.

Төрағаның орынбасары

0002264

«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ҚОҒАМДАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ
АЗАМАТТАРДЫҢ ЖОЛДАНЫМДАРЫ БАСҚАРМАСЫ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті

с хат: 213
* 28 * 08 20.08.22 ж.

Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша
Сараптау кеңесінің қорытындысы

2022 ж. «20» маусым

№ 6 хаттама

Тыңдалды:

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «6D012000 – Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертацияны қорғау негізінде докторант Тәңкіш Нәзира Полатқызына философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін беру туралы қолдау хат бойынша 2022 ж. «28» сәуірдегі 6D012000 – Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің шешімі туралы № PhD 7417-27.05.22 іс.

Сарапшы XXXXXXXXXX тыңдап және істің материалдарын талқылап, Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

Тәңкіш Нәзира Полатқызы философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін алу үшін «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ғылыми дамудың басым бағыттарына сәйкес келеді.

2. Диссертацияны өзі жазу қағидатының сақталуы

Докторант Тәңкіш Н.П ғылыми жұмысында болашақ кәсіптік оқыту педагогының еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық негіздерін талдауда отандық, алыс және жақын шетелдік ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасалған. Дегенмен, «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы берілген «тұлғалық еңбек функциясы және әлеуметтік еңбек функциясы» ұғымдарының мәні толық ашылмаған. Автор теориялық талдаудың 1.3 бөлімінде осы «функция» «еңбек функциясы» ұғымдарының анықтамасын келтірген. Педагогтың кәсіби стандартындағы еңбек функцияларын талдаған. Алайда, еңбек функциясының тұлғалық ұғыммен байланысын көрсете алмаған. «Тұлғалық еңбек функциялары» анықтамасы берілмеген, мәні зерттеулер негізінде ашылмаған, аталған ұғымның дұрыстығы негізделмеген. Диссертациялық жұмыста «тұлғалық еңбек функциялары» ретінде тұлғалық аспектілерді ұсынған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста қойылған сілтемелердің әдебиеттермен сәйкес еместігі орын алған. Мысалы, «1.3 Болашақ кәсіптік

оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының мәні» тараушасында «Сөздіктерде және ғылыми әдебиеттерде «функция» термині (лат. *functio*-орындау, атқару) әр түрлі анықталады. Философиялық энциклопедиялық сөздікте бұл міндет, қызмет шеңбері дегенді білдіреді [92]. Қазіргі энциклопедиялық сөздікте «функция» ұғымы бірнеше семантикалық мағынада түсіндіріледі [93]» көрсетілген сілтеме бойынша әдебиеттер тізімінде энциклопедиялық сөздіктер ұсынылмаған. Зерттеу барысында кәсіптік педагогтерді даярлауға қойылатын заманауи талаптарды негіздеуде күші жойылған нормативті құжаттарға сілтеме жасалған, мысалы 123, 124, 125 әдебиеттер (52 бетте).

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік бөлімінде болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеп, оны қалыптастырудың педагогикалық шарттарын ұсынған. Эксперименттің анықтау бөлімінде қойылған міндеттермен, сол міндеттерге қол жеткізу үшін таңдалып алынған әдістер бойынша зерттеу нәтижелеріне талдау толық жасалмаған. Қорыта келе, диссертацияны өзі жазу қағидаты толық сақталмаған.

3. Диссертацияда ішкі бірлік қағидатының сақталуы.

Диссертацияның ішкі бірлік қағидатының сақтауын қамтамасыз ететін тараулар арасындағы логикалық байланыстың дұрыс сақталмағаны орын алған. Теориялық бөлімде тұлғалық еңбек функциясы, әлеуметтік еңбек функциясы ұғымдарының мәні толық ашылмағандықтан, нақты анықтамасы ұсынылмағандықтан келесі тарауда ұсынылған модель мен педагогикалық шарттардың арасындағы логикалық бірізділікті анықтау өте қиын. Автор диссертациялық зерттеу жұмысында «...Біздің зерттеуімізде болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын (аналитикалық-диагностикалық, болжамдық, ұйымдастырушылық-коммуникативтік, әлеуметтік педагогикалық қолдау, сақтау-қорғау – бұл туралы 1.2 параграфында кеңінен баяндалған) атқаруға даяр болуын айқындайтын сапаларды үш топқа бөліп анықтаймыз (Сурет 2, Кесте 3). ...» еңбек функцияларының атқаруға қажетті сапалар туралы 1.2 тараушада баяндалмаған. Диссертацияның баяндалу тілі өте күрделі, стилистикалық қателер салдарынан мазмұнын түсіну қиын. Мысалы, «...тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциясы қалыптасқан болашақ кәсіптік оқыту педагогының құрылымы жасалып... (11 бет), «...8-кестеде ұсынылған еңбек қызметінің қандай да бір саласының студенттер үшін тартымдылық туралы түсінік беретін нәтижелерді ұғыну еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың қарама-қайшылығы мен сәйкессіздігін көрсетеді. Мәселен, экономиканың нақты секторы салаларында (өнеркәсіп, көлік, құрылыс) жұмыс істегісі келетіндер қала шаруашылығындағы жұмыспен қамтудың нақты құрылымы бойынша деректермен салыстырғанда 17,7% - ға аз.... (111 бет)», «...Тәуелсіз сарапшылардың эксперименттік және бақылау топтарының студенттерін бағалау салыстыруы біріншілердің пайдасына айтарлықтай

ерекшеленетіні анық. Атап айтқанда, егер тәуелсіз сарапшылардың эксперименталды топ студенттеріндегі кәсіптік білім беру мұғалімінің функционалдық міндеттері мен функцияларының басым әлеуметтік жеке аспектілері туралы түсініктерін қалыптастыру туралы бағасы олардың жеке бағасынан асып кетсе, онда бақылау тобындағы студенттердің зерттелетін аспектілерінің қалыптасуының өзін-өзі бағалауы тәуелсіз сарапшылардың бағасынан асып түседі, бұл оның объективтілігінің төмендігін көрсетеді...» (150 бет).

Эксперименттік бөлімде диагностикалау барысында қолданған әдіс-тәсілдері туралы толық ақпарат ұсынылмаған. Мысалы, Кесте - 5:

«Еңбектің құндылықтық бағдарлары» сауалнамасы (Е.Н. Павлютенков);

- Студенттердің тұлғалық және әлеуметтік еңбек құндылықтарын анықтауға арналған сауалнама (Дж.Равен, А.Б. Золотарева):

- Стандартталмаған сұхбат.

«5B012000 – Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламаларының пәндік мазмұнын игеруге арналған тесттер:

- Бақылау;

- Қызмет өнімдерін талдау;

- Модельдеу;

- Нақты жағдаяттарды шешу.

Әлеуметтік еңбек құзыреттерін құрайтын біліктерді өзін-өзі бағалауға сауалнама («әлеуметтік-еңбек құзыреттерін қолдану салалары» - И.А.Александрованың модификацияланған әдістемелері):

- Бақылау;

- Эвристикалық жағдайларды жасау және талдау;

- Имитациялық ойындар;

- Қызмет өнімдерін талдау;

- Модельдеу;

- Нақты жағдайларды шешу.

Жоғарыда ұсынылған әдістер бойынша зерттеу нәтижелері жүйелі және толық берілмеген.

112 бетте «...Зерттеу барысында студенттердің өмірлік және азаматтық ұстанымдарын анықтау тұрғысынан оларда алаңдаушылық тудыратын әлеуметтік-мәдени, саяси, экономикалық проблемалардың орнын анықтау үлкен қызығушылық тудырды (№2 қосымша, № 6 сұрақ)...» көрсетілген №2 қосымша жұмыста берілмеген, ал жұмыстағы Б қосымша «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау әдістемесінде» берілген сауалнама сұрақтары кәсіби саладағы академиялық біліктілігін тексеруге бағытталған 58 сұрақтан тұрады. Мысалы:

1. «Норакидзе адамның мінезі мен ішкі себептер сәйкестігіне қарай тұлғаны неше типке бөлді?

2. Норакидзе бойынша гармониялық тұлғаның сипаты қандай?

3. Конфликтілі, қайшылықты тұлға деген кім?

4. Импульсивті тұлғаның қалыптасуының негізгі факторлары?

Аксиологиялық (құндылық) мүмкіндіктердің болашақ кәсіптік оқыту педагогының адамгершілік, имандық, ізгіліктік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызын түсіндіріңіз...» және т.б.с.с. Ал осы беттегі 9-кестеде берілген «Жоғарыда айтылғандардың қайсысы сізді қатты алаңдатады?» сұрағы жоғарыдағы қосымшаларда қарастырылмаған. Жалпы алғанда, эксперименттің анықтау кезеңінде қолданған әдістемемер туралы ақпарат берілмеген, зерттеу нәтижелерін талдау барысында қолданған сұрақтардың қай әдістемеге тиесілі екені айтылмаған (109-113 бет аралығы). Қорыта келе, диссертациялық жұмыста ішкі бірлік қағидатының сақталмаған.

4. Диссертацияда ғылыми жаңашылдық қағидатының сақталуы, негізгі ғылыми нәтижелері

Ғылыми жұмыста жасалған теориялық талдаулар, ұсынылған модель, педагогикалық шарттар болашақ кәсіптік оқыту педагогтерін даярлауда жаңашыл көзқарасты көрсетеді. Дегенмен, диссертациялық жұмыстың барысында тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының мәнін ашуда жасалған теориялық талдаудың жеткіліксіздігі, жалпы бұндай ұғымның болуын негіздейтін ғылыми анықтамалардың келтірілмеуі, зерттеу жұмысының жаңашылдық қағидатының толық сақтамағандығын көрсетеді. Зерттеу барысында қолданылған әдістемелердің толық ұсынылмауы, талданған зерттеу нәтижелері мен модельде ұсынған көрсеткіштер арасындағы логикалық байланысты ашып көрсетпегендіктен, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі анық емес.

5. Диссертацияда дәйектілік принципінің сақталуы

Диссертациялық жұмыста жүргізілген эксперименттік жұмыстың барысы, қолданылған әдістемелердің мазмұны толық ашылып көрсетілмеген. 107 бетте ұсынған сауалнама, сараптамалық бағалау, бақылау, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін талдау, оқу нәтижелерін тестілеу және нақты жағдайларды модельдеу мен талдау әдістері бойынша зерттеу нәтижелеріне талдау жасалмаған. Эксперимент барысында эксперименттік және бақылау топтарына бөлудің негіздемесі берілмеген. Зерттеу нәтижелері мен модельде ұсынылған көрсеткіштер, қолданған әдістемелер арасындағы байланыс көрсетілмеген, эксперимент нәтижелерін талдауда жүйелік қағидаты сақталмаған. Модельдің әр компоненті бойынша анықтау жұмысы қалай жүргізілгендігі, соның нәтижесінде қалыптастырушы эксперимент мазмұны қалай анықталғандығы туралы заңдылықты баяндау жасалмаған. Қорыта келе, диссертацияда дәйектілік қағидаты толық сақталмаған.

6. Диссертацияда практикалық құндылық принципінің сақталуы.

Диссертацияның практикалық немесе теориялық мәні бар (керектісін сызу қажет). Ғылыми жұмыс барысында әзірленген болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі болашақ кәсіптік оқыту педагогтерін даярлаудың ғылыми-теориялық негізі бола алады.

Диссертация нәтижелері 5B012000 – «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мақсатында жасалған «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» *элективті курсы* енгізілді.

Зерттеу проблемасын толық шешу үшін болашақ кәсіптік оқыту педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру; әлеуметтік-ұйымдастырушылық сапаларын дамыту; функционалдық сауаттылығын дамыту және т.б. проблемаларды арнайы зерттеуді қажет деп ұсынылады.

7. Диссертацияның «ҰМҒТСО» АҚ қорымен сәйкестігі жоқ деген анықтама ұсынылмаған.

8. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі:

диссертация тақырыбы бойынша:

барлығы 17 ғылыми еңбек;

оның ішінде:

Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда 4 мақала;

Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін 1 мақала:

1. «Ways of forming personal and social-labour functions of a future teacher» *Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment. Открытый доступ*. Том 8, Выпуск 3, Страницы 377 - 2020 - 25 *процентиль*

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының деректер базасына енгізілген шетелдік патенттер жоқ;

басқа жарияланымдар 12 мақала жарияланды.

Жарияланымдар Қағидалардың 6-тармағына сәйкес келеді.

9. Аттестациялық іс материалдарының Қағидалар талаптарына сәйкестігі

Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз болу қағидатының, диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің 31-тармағына сәйкес диссертациялық кеңестің төрағасының орынбасары докторанттың жетекшісі болғандықтан, қорғау үрдісінде орын алмастырудың сақталғандығы туралы ақпарат жоқ.

10. Диссертациялық кеңеске ескертулер: Докторанттың диссертацияны қорғау рәсімінің, аттестациялық іс материалдары сарапшыларға қолжетімсіз. Соның ішінде, диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің 31-тармағы және 23 тармағы 7 тармақшасы бойынша талаптар сақталмаған.

11. Сараптау кеңесінің шешімі (тармақшалардың біреуі толтырылады):

3) Докторанттың аттестациялық ісі және диссертациясы Қағидалардың барлық талаптарына сәйкес келеді.

Сараптау кеңесінің қорытындысы

6D012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бағыты бойынша докторант Тәңкіш Нәзира Полатқызына философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін алу үшін орындалған диссертациясында «тұлғалық еңбек функциясы және әлеуметтік еңбек функциясы» ұғымдарының мәнін анықтау бойынша теориялық талдау және тәжірибелік бөлімдегі эксперименттік жұмыстың мазмұнын жүйелі баяндау, зерттеу әдістері және оларды қолдану туралы ашып көрсету, зерттеу нәтижелерінің тиімділігі туралы нақтылау қарау керек. Сараптамада көрсетілген барлық ескертпелерді жөндеу үшін пысықтауға жіберілсін.

Дауыс беру нәтижелері: «жақтап» дауыс бергені - 5

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалғаны» - жоқ